

**ТО ДСБ «Облыстық патологиялық-анатомиялық бюросы» ШЖҚ
МКК-ның (ОПАБ) жиналыс ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

№10

04 тамыз 2025 жыл

Қатысушылар:

Жиналыс төрайымы – жалпы бөлім меңгерушісі Л.Х.Евтимиади;

Жиналыс хатшысы – заңгер М.Н.Зұлпыхар;

«Densaulyq» денсаулық сақтау ұйымдары жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің өкілі К.Ибраимова;

Кәсіпорын қызметкерлері – 14 қызметкер.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе: «Облыстық патологиялық-анатомиялық бюросы» ШЖҚ МКК-да (бұдан әрі ОПАБ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесі бойынша түзілген анықтама жобасын жария талқылау.

ОПАБ-тың жалпы бөлім меңгерушісі Л.Х.Евтимиади жиналысты ашып, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 25.06.2025 жылғы №72 н/қ бұйрыққа сәйкес ОПАБ-та сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмысшы топ құрылғандығын және бұл жұмысшы топтың құрамында өзі, экономист Р.К.Даулетова, балалар бөлімінің меңгерушісі Н.С.Жумабеков, кадр инспекторы А.А.Жанталиева мен заңгері М.Н.Зұлпыхар болып жалпы саны бес адам барлығын айтып берді.

Осы жұмысшы топ 2024 жыл мен 2025 жылдың 13-тамыз аралығында қамту кезеңіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ішкі талдау жұмыстары жүргізіліп отырғандығын жеткізді.

Аталған ішкі талдау жұмыстары ағымдағы жылдың 02-шілде мен 13-тамыз аралығында жүргізіліп жатқандығын айтып, осы талдау жұмыстары барысында жасалған анықтама жобасын жария талқылау жүргізу мақсатында жиналып отырғандарын айтып, сөзді ОПАБ заңгері әрі комплаенс офицерін қоса атқарушы М.Н.Зұлпыхарға берді.

М.Н.Зұлпыхар ОПАБ-тың facebook әлеуметтік желісінде осы жылдың 31-шілде күні барлық оқырмандар мен желі пайдаланушыларына ішкі талдау жұмыстары 02-шілде мен 13-тамыз аралығында жүргізіліп жатқандығын егер аталған сала қызметіне қатысты қандай да бір нақты мәліметтері немесе арыз-шағымдар, білдірер ұсыныс-пікірлер болса, өзінің жеке ұялы телефоны немесе ОПАБ-тың ресми электрондық почтасына хабарлауға болатындығы баяндалып, телефон номері мен почта мекен-жайы да жарияланғандығын атап өтті. Сонымен қатар, ОПАБ-тың facebook әлеуметтік желісінде 4-тамыз күні ОПАБ ғимаратының мәжіліс залында сағат 10:00 де ішкі талдау жұмыстарының қорытындысын жария талқылау жиыны өтетіндігі туралы да хабарландыру жарияланғандығын айтып берді.

М.Н.Зұлпыхар бүгінгі жиналысқа қатысушыларды сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесі бойынша түзілген анықтама жобасымен таныстырып, жұмысшы топ ішкі талдау бағыты негізінен ОПАБ қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау болғанын жеткізді. Нәтижесінде ОПАБ қызметін қозғайтын қолданыстағы бірқатар нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен

нормалар анықталғандығын айтып, бұл тәуекелдерді жою бойынша нақты ұсыныстар беру жоспарланғандығын мәлімдеді.

Атап айтқанда:

1. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.06.2023 жылғы №110 бұйрығымен бекітілген «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларына»;

2. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.12.2020 жылғы №ҚР ДСМ-259/2020 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында патологиялық-анатомиялық диагностика көрсетуді ұйымдастыру стандартына» нақты өзгерістер енгізу туралы ұсыныстардың жобасы әзірленіп талдау анықтамасына ендірілгенін хабарлады.

Жиналыс соңында қатысушылардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесі бойынша түзілген анықтама жобасы бойынша берілген сұрақтарына тиісті жауаптар берілді.

Жиналысқа қатысушылар күн тәртібіндегі мәселені қарастырып ОПАБ-тың сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесі бойынша түзілген анықтама жобасын қолдайтындықтарын жеткізді.

Жиналыс төрайымы:

Л.Х.Евtimiади

Жиналыс хатшысы:

М.Н.Зұлпыхар

